

ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

Қолдарыңыздағы «Қор нарығы бойынша жол көрсеткіш» – халыққа арналған алғашқы басылымдардың бірі. Оның мақсаты – құнды қағаздар нарығына (қор нарығына) белсенді қатысудың артықшылықтарын түсіндіру. Бұл кітапшада біз қаржы нарығында әрекет етудің негізгі ұстанымдарын қарапайым және анық тілмен түсіндіруге, жеке қаржыңызды құнды қағаздарға салу және әр түрлі кәсіпорындарға инвестициялауға байланысты қандай да бір мәселелерді шешу жолдарын көрсетуге тырыстық. Біздің еңбегіміз Сіздерді қызықтырады деп үміттенеміз және Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығымен бірге бұдан да бақытты, табысты және тұрмысыңызды тұрақты етуге шешім қабылдасаңыз, бұл біз үшін үлкен мәртебе!



*Құрметпен, Аркен Арыстанов
Қазақстан Республикасы
Алматы қаласының өңірлік қаржы
орталығының қызметін реттеу агенттігінің төрағасы*

МАЗМҰНЫ:

Жеке табыстар және инвестициялау

**Құнды қағаздар дегеніміз не және олармен
қалай жұмыс істеу керек?**

**Құнды қағаздар нарығына
қатысушылар: олар кімдер?**

**Құнды қағаздар нарығының
(қор нарығының) артықшылықтары**


Инвестордың негізгі ережелері!

Инвестордың сөздігі

Құнды қағаздар нарығының қатысушылары

**Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының
ақпараттық-білім беру орталықтары**

**Алматы қаласының өңірлік
қаржы орталығы**



ЖЕКЕ ТАБЫСТАР ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

Инвестициялау – бұл сіздің ақшаңызды қандай да бір нәрсеге салу процесі. Бұның мақсаты – сіздің ақшаларыңыздың одан да көп ақша табуына қол жеткізу. **Инвестициялаудың әртүрлі түрлері бар, бірақ олар әрқашан да бір ғана нәрсеге – табыс табуға бағытталады.**

Егер адамдардың қолында барлық есеп-қисаптарды жүргізгеннен кейін ең қажетті заттарды, азық-түлікті сатып алғаннан кейін қандай да бір ақша қаражаты қалатын болса, онда бірден оларды қалай сақтап, көбейту керек деген мәселе туындайды. Әрине, адамдардың бәрі бірдей бұл мәселені ойлап жатпайды. Көбінесе артық-ауыс ақшаны жай ғана сақтап қояды.

Озық ойлы адамдар бұндай ақшаны банктік депозитке немесе сақтандыру компаниясына салады. Бұл – ақша салудың өте кең таралған және дәстүрлі тәсілдерінің бірі. Алайда, бүкіл әлемде миллиондаған қарапайым адамдар құнды қағаздар да – ақша салудың өте тиімді тәсілі деген қорытындыға келді.



Құнды қағаздардан түсетін табыс жүйелі түрде алып тұратын дивидендтер немесе осы құнды қағаздардың бағасының көтерілуі нәтижесінде алынатын кіріс түрінде, әлде екеуімен де бірге көрінеді.

Ақшаны құнды қағаздарға салуда қандай да бір тәуекел бар ма? Әрине, бар. **Инвестициялаудың барлық түрінде әртүрлі тәуекелдер кездесіп отыратынын** атап өту керек. Бірақ бұл орайда **жай ғана қолымызда ақша болғанда да біз тәуекелге бел буып жататынымызды** ұмытпаған жөн. Бұл жағдайда тәуекел ақшаны жоғалтумен байланысты. Ақшаның жоғалғаны көрініп де тұруы мүмкін, жасырын да болуы мүмкін. Ақшаның көзге көрініп жоғалуы, жалпы айтқанда, бәрімізге де түсінікті. Ал ақшаның жасырын жоғалуы – ақшаның құнсыздануына байланысты. Бұл кезде белгілі бір уақытқа дейін сіздің қолыңызда ақша болады, бірақ сіз оған кеше сатып ала алатын затыңызды ала алмайсыз, себебі тауарлардың бағасы үнемі өсу үстінде болады.

Сондықтан өзіңізді шығындардан өз бетіңізше сақтандыра алмайтын болсаңыз, тұрақты кіріс алып тұру үшін ақшаңызды қандай да бір нәрсеге салып көрерсіз. Инвестициялаудың кез келген формасында екі нәрсеге назар аудару керек. Біріншіден, қандай да бір нәрсеге инвестиция құю қандай кіріс әкеледі. Екіншіден, **инвестициялаудың қандай да бір ұсынылған формасының табысы қаншалықты жоғары болса, қауіп те соншалықты жоғары** екендігін естен шығармау керек.

ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕРЕК?

Егер құнды қағаздарға инвестициялауды қарастыратын болсақ, бұнда ақша салудың жоғарыда айтып өткен тәсілдеріне қарағанда ақшаны жоғалту қаупі анағұрлым жоғары. Алайда, сәтті таңдау жасасаңыз табыс та айтарлықтай үлкен болады. Біз құнды қағаздарға инвестициялаудың жоғары тәуекелділігін айтқан кезде, бұны бұл қауіп тосын әрі басқаруға келмейді деп түсінбеу керек. Көптеген адамдар үшін ол іс жүзіндегіден әлдеқайда жоғары болып көрінуі мүмкін. Бұлай болу себебі бұл адамдар құнды қағаздар дегеніміз не, олардың қайсысына ақша салған дұрыс, ал қандай мәмілелерден тартыну керек екендігін білу үшін аз ғана уақыттарын қимайды.

Құнды қағаздар, әсіресе акциялар, инвестициялаудың басқа формаларына қарағанда үлкен кіріс алып келеді әрі ақшаны жоғалтудан және құнсызданудан сақтайды. Әрине, егер салым ақылға салынып жасалған болса. Банкерде, сақтандыру компанияларында, жинақтаушы зейнетақы қорларында жұмыс істейтін қаржыгерлер бұны өте жақсы біледі және бұл білгендерін табыс табу мақсатында пайдаланады. Бұның олардың қолдарынан келетіндігін мойындау керек.



Онда неге сіздер табыс табудың осы әдістерін пайдаланбайсыздар? Мүмкін, қарапайым адамдарға ақша қаржы ұйымдарына қарағанда аса қажет емес пе екен? Ойланып қарасаңыз, олай емес. Тіпті керісінше. Әншейін, ақшаны құнды қағаздарға салу үшін солай жасаудан қорықпау керек және оны қалай жасау керектігін білу қажет.

Сондай-ақ, **салымдардың диверсификациясы тиімді таңдау** екендігін үнемі есте ұстау керек. **Басқаша айтқанда, егер сіздің қолыңызда артық ақша қаражаты қалатын болса, оның белгілі бір бөлігін банкте сақтау керек, енді бір бөлігін өзіңізді және мүлігіңізді әртүрлі тосын жағдайлардан сақтандыруға жұмсау керек. Ал, тағы бір бөлігін анағұрлым жоғары табыс әкелетін және өтімді болып табылатын құнды қағаздарға инвестициялау керек.**

Құнды қағаздарды сатып алғанда біз неге қол жеткіземіз? Біз құқықтар жиынтығын аламыз. Бұл құқықтар мүліктік болып табылады. Құнды қағаздардың әрбір түрі құқықтардың жекелеген жиынтығы болып табылады.

Мысалы, **акциялар** құнды қағаздардың классикалық түрі болып табылады. Оларды тек акционерлік қоғамдар ғана шығара алады. Жай акция – акционерлік қоғамға салынған мүліктік салымды дәлелдейтін құнды қағаз. Ол өзінің иесіне қоғамды басқаруға қатысу, дивидендтерді (қоғам табыстарының бір бөлігі) алу және акционерлік қоғам таратылған жағдайда мүліктің тиісті бөлігін алу құқығын қамтамасыз етеді.



Артықшылықтары бар акция – бұл да акционерлік қоғамға салынған мүліктік салымды дәлелдейтін құнды қағаз. Ол өзінің иесіне кепілдендірілген табыс (компанияның табысы бар ма, жоқ па – оған қарамайтын), акционерлік қоғам таратылған жағдайда мүліктің тиісті бөлігін алудың жай акция иелерінің алдында артықшылық құқығын беретін құнды қағаз.

Артықшылықтары бар акция иелерінің жиналыстарда дауыс беру құқығын алып, белгілі бір шешімдерді қабылдауға өз үлестерін қосып жататын жағдайлар кездесіп жатады. Бұл жағдайлар «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда тура көрсетілген.

Осындай жағдайлардың біріне акционерлік қоғамның артықшылықтары бар акциялар иелеріне дивиденттер төленетін белгіленген күннен бастап үш ай ішінде белгіленген дивиденттерді төлей алмайтын оқиғалар жатады. Бұл жағдайда артықшылықтары бар барлық акциялар олардың иелері жиналыстарға қатысып, шешімдер қабылдауға ықпалдарын тигізе алуы үшін дауыс беретін акция болады.

Акцияларға инвестициялау қаражатты сақтап, табыс әкелуі тиіс. Егер бұқаралық инвестор акцияларды өзінің сатып алған бағасынан артыққа сата алмайтынын немесе дивиденттерді ала алмайтынын анық білетін болса, онда, шындығын айтқанда, оларға ақша салып керегі не?

Облигациялар облигацияның нақты бағасын алу құқығын және облигация бойынша сыйақы алу құқығын береді.

Кәсіпорын акциясын сатып алатын адам осы кәсіпорыннан үлес те алады. Кәсіпорын облигациясын сатып алатын адам осы кәсіпорынға жай ғана қарызға ақша береді.

Акция иесі сатып алатын акциялары бойынша дивидендтер алуды көздейді. Ол компанияны басқаруға және компания табысын бөлуге қатысады. Облигация ұстаушы өзі сатып алған облигацияларын шығарған компанияны басқаруға қатыспайды, бірақ ол өз ақшасының қайтарылуына және олар бойынша белгіленген пайызды алуға нақ сенімді болады.

Акция иесі өз акцияларына шектеусіз уақыт ішінде өзі сатқысы келмейінше иелік ете алады. Облигация иесі облигацияны өтеу мерзімі біткеннен кейін оған иелік ете алмайды.

Егер компания ісі өте табысты болса, онда акционерлер де жоғары дивидендтер алады. Облигация ұстаушылар бұл жағдайда бәрібір белгіленген мөлшердегі өз пайызын алады. **Компания кірісінің деңгейі жоғары немесе төмен болсын, ол облигация бойынша сыйлықақы мөлшеріне ешқандай ықпал ете алмайды.** Әйтсе де сонымен қатар облигациялар – акциялармен салыстырғанда ақша салудың анағұрлым қауіпсіз түрі.



Облигациялар келесі түрлерге бөлінеді:

- қысқа мерзімді (1 жылға дейінгі айналыс мерзімімен);
- орта мерзімді (1 жылдан 5 жылға дейінгі айналыс мерзімімен);
- ұзақ мерзімді (5 жылдан артық айналыс мерзімімен).

Кірісті алу тәсіліне қарай облигациялар:

- өзінің нақты бағасынан төмен шығарылып, айналыста болатын, нақты баға бойынша өтелетін дисконттық облигациялар;
- нақты бағаға есептелетін купоны (пайызы) болатын купондық облигациялар болып бөлінеді.


Инвестициялық пай – иесінің пайлық инвестициялық қордың (ПИҚ) мүлігіндегі үлесін куәландыратын атаулы құнды қағаз. Пай бір бағамен сатып алынады да, ағымдағы бағамен сатылады. Пайларды сатып алушылар пай бағасының өсуіне үміт артады.

ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР: ОЛАР КІМДЕР?

Құнды қағаздар нарығы субъектілерін шартты түрде төрт негізгі топқа бөлуге болады: инвесторлар, кәсіби қатысушылар, сауданы ұйымдастырушылар және құнды қағаздар эмитенттері.

Бірінші топ – табыс табу мақсатында өз қаражаттарын құнды қағаздарға салуды жүзеге асырады. Екіншісі – құнды қағаздар нарығында қызмет көрсетеді. Сауданы ұйымдастырушылар құнды қағаздарды сатуға арналған орындарды береді. Олар қаржы биржалары мен қор нарығының өзегі болып табылатын биржадан тыс баға кесу ұйымдарын қамтиды. Қаржыны тарту мақсатында эмитенттер нарықта айналыста болатын құнды қағаздарды шығаруды жүзеге асырады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰНДЫ



ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Қор биржасы



Институциялық
және
жеке инвесторлар



Заң бойынша барлық тілек білдірушілер құнды қағаздарды шығара алмайды. Бұндай құқыққа тек заңды тұлғалардың ерекше санаты ғана ие. Бірінші кезекте бұл – акционерлік қоғамдар. Құнды қағаздардың жекелеген түрлері, мысалы, облигацияларды мемлекет, сондай-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер шығара алады. Бұл орайда бүкіл әлемде инвестициялық құнды қағаздардың негізгі түрі болып табылатын акцияларды тек акционерлік қоғамдар ғана шығаруға құқылы.

Акциялар не үшін шығарылады? Және коммерциялық ұйымдардың басқа ұйымдық-құқықтық формаларынан акционерлік қоғамның түбегейлі айырмашылығы неде? Осы сұрақтар қазір Қазақстандағы қор нарығында жұмыс істей бастаған көптеген мамандарды, сондай-ақ қаржыны салудың жаңа тәсілдерін іздестіріп жүрген ықтимал инвесторларды мазалап жүр.

Акционерлік қоғам формасы – бұл тұлғалардың барынша үлкен тобының қаржысының біріктірілуі. Бір акционерлік қоғамның акционерлері тіпті бір-бірін білмеуі де және бұл туралы алаңдамауы да мүмкін. Олар үшін сатып алған акцияларының жақсы дивидендтер алып келгені және нарықтағы бағасының өскені маңызды.



Акционерлік компаниялар – бұл кең ауқымды, қаржысы көп, үлкен өндірісі бар ірі кәсіпорындар. Бұның себебі дәл осы акционерлік қоғам формасы ірі өндіріс үшін анағұрлым ыңғайлы әрі тиімді болып табылады. Бүгінгі күні акционерлік компаниялар әлемдік экономикада және жекелеген елдердің экономикасында ең мықты субъектілер болып табылады. Сондықтан да заңнамада акционерлік қоғамдарды құру, акцияларды шығару және орналастыру, сол акцияларды нарықта айналысқа шығару процестерінің реттелуіне баса назар аударылып отыр.

Акциялар – артық қаржыны қандай да бір уақытқа орналастыру тәсілдерінің бірі. Акция – қаржы аспаптарының классикалық түрі болып табылады, онсыз қаржы нарығының тұтастай өмір сүруін көзге елестету қиын.


Акцияларды шығару – бұл компанияның жарғылық қаржысын қалыптастырудың тәсілі, қаржы аспаптарының акциялар сияқты түрін айналысқа қосу жолымен қаржы тарту тәсілі. Акционерлік компания – инвесторлар қаржыларын біріктіру формасы.

Барлық құнды қағаздардың айтарлықтай үлкен бөлігі арнайы құрылған институт – қор биржасы арқылы жүзеге асырылады.

Биржа – бұл ұйымдасқан, жүйелі әрекет ететін нарық, онда құнды қағаздар саудасы (қор саудасы), стандарттар мен үлгілердің көтерме саудасы (тауарлық) немесе сұраныс пен ұсыныс негізінде ресми түрде белгіленген бағалар бойынша валютамен (валюталық) сауда жасау жүзеге асырылады.

Қор биржасы әлдеқайдағы бір құнды қағаздарды сатады деп ойлайтын адамдар көп. Шындығында, биржаның онда сатылатын құнды қағаздарға иелігі жоқ. Биржаның өзі ештеңе сатпайды және ештеңе сатып алмайды! Бұл – мыңдаған компаниялар мен адамдар брокерлер деп аталатын өздерінің агенттері арқылы құнды қағаздар сатып алатын жай ғана орын.


Қор биржасының сатылатын және сатып алынатын акцияларға баға қоюға тікелей қатысы жоқ. Оны нарық қояды. Бағалар сұраныс пен ұсыныс ықпалынан қалыптасады. Бірақ биржада нарық бағаларын белгілеу үшін арнайы жағдайлар жасалған. Әрқашан және барлық жерде сатып алушылар тауарды мейлінше арзанырақ сатып алуға, ал сатушылар мүмкіндігінше қымбатырақ сатуға ұмтылады. Қор биржасы – барлық нарықтардың ішіндегі ең серпіндісі. Биржа сұраныс пен ұсыныстың өзара еркін әрекеттесуі үшін барлық кедергілерді болдырмауға тырысады. Сатушы мен сатып алушы үшін биржадағы мәміле оны жасасу кезіндегі ең тиімді бағалар ымырасына келіп жасалуы мүмкін.



Қор биржалары туралы сөз болғанда, адамдардың көпшілігі оларды акциялардың биржалық курсының күрт тербелістерімен, бағалардың шарықтауымен және құлдырауымен, алаяқтық пен алыпсатарлықпен байланыстырады.

Әрине, биржалық курс қатты ауытқуы мүмкін, бірақ бұндай өзгерістер өте сирек кездеседі. Көбінесе курстың күрт өзгеруі акция ұстаушыларының көңіл-күйіне байланысты, ал ол өз кезегінде елдегі жалпы экономикалық жағдайға және нарықтың оптимистік және пессимистік күйіне ықпал ететін жекелеген төтенше оқиғаларға байланысты болады. Бұған биржаны кінәлау – жайсыз ауа райына ауа райын болжаушыны кінәлаумен бірдей.

Құнды қағаздармен жасалатын операцияларға қатысатын биржашылардың арасында «аюлар» мен «бұқаларды» бөліп көрсетеді. Төмендетуді ойлайтын биржалық алыпсатарлар («аюлар») өзінде әлі жоқ акцияларды мәміле жасасқанда белгіленген курс бойынша мерзімге сатады және мәміле мерзімі біткенге дейін барынша төмен курспен құнды қағаздарды сатып алуға және жедел мәміле шартында белгіленген барынша жоғары бағамен сатуға үміттенеді. Жоғарылатуды ойлайтын биржашылар («бұқалар») керісінше құнды қағаздарды курстың жоғарылауы күтілетін мерзімге сатып алады және кейіннен оларды табысты сатуға үміттенеді.



Құнды қағаздарды қор нарығының кәсіби қатысушылары – брокер-дилерлер арқылы сатып алу барынша кепілді. Брокер-дилер – бұл брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензиясы бар заңды тұлға. Құнды қағаздарды сатып алу және сату – оның кәсібі, атауы да осыдан – нарықтың кәсіби қатысушысы. Заң бойынша брокер-дилердің басқа коммерциялық қызметпен айналысуға құқығы жоқ. Брокер-дилердің қызметі лицензиялау жолымен реттеледі.

Брокер-дилерге биржада мәміле жасасуды тапсыру үшін, клиент өзі оны фронт-офис қызметкерлері қабылдайтын брокерлік-дилерлік компанияның офисіне келіп, брокерлік қызмет көрсетуге шарт жасасуы тиіс.

Брокерлік қызмет көрсету келісім-шарты – бұл іс жүзінде стандартты формадағы құжат, онда компания клиенті мен брокер-дилердің құзыреті, міндеттері мен жауапкершіліктері көрсетіледі. Оны жасасу үшін инвестордың жеке куәлігі болуы тиіс. Тараптар келісім-шартқа қол қойғаннан кейін, инвесторға компаниядан жеке шот ашылады, оған инвестор үшін сатып алынған қағаздар түсіріледі. Брокерлік компанияда құжаттарды ресімдеу тегін.



Егер клиент дәл қандай құнды қағаздарды алғысы келетінін білмейтін болса, онда компанияда оған қор биржасында белгіленген барлық құнды қағаздар туралы кеңес беріледі. Бұл орайда инвестор брокер-дилердің ақпараты тек ақпараттық сипатта болатындығын және қандай да бір құнды қағаздарды сатып алуға немесе сатуға ешқандай ұсыныс бермейтінін ескеруі тиіс. Инвестордың өзі шешімдер қабылдап, өз ісіне жауап беруі тиіс.

Егер де инвестор қандай да бір акцияларды немесе облигацияларды сатып алуды анықтаса, ол клиенттік жазбаша тапсырысты ресімдейді, онда брокер-дилерге нақты құнды қағаздарды сатып алуға немесе сатуға тапсырма беріледі. Тапсырыста құнды қағаздың атауы мен оның эмитенті, инвестор сатып алуға (сатуға) келісетін саны мен бағасы көрсетіледі.

Брокер-дилер клиенттік тапсырысты орындаған жағдайда ол клиентке мәміленің орындалғаны туралы жазбаша есеп береді, онда инвесторды жасасқан мәміле параметрлері, соның ішінде сатып алынған (сатылған) құнды қағаздардың бағасы мен саны, мәміленің жалпы сомасы, оны жасасу күні туралы хабардар етеді.

Сондай-ақ, брокер-дилер инвесторды жасасқан мәміле бойынша қажетті төлемдер: брокерлік сыйлықақы сомасы, биржалық алым және орталық депозитарий алымы сомасы (егер мәміле іс-шаралар тізбегінде берілген ұйымның қатысуын талап етсе) туралы ақпарат береді.



Қор биржасында ойынды бастағысы келген кез келген жеке тұлға биржаға шыға отырып, ең болмаса үш шартты орындауы тиіс: біріншісі – өзінің қаржы жағдайына қарай 1-2 жыл ішінде қолданбайтын ақша сомасын белгілеуі керек. Яғни, биржадағы алыпсатарлық үшін қысылғанда пайдалану үшін сақтап отырған соңғы ақшасын пайдалануға болмайды. Соманың мөлшері биржалық ойыншының жеке мүмкіндіктеріне, оның іс-әрекетінің ықтимал аясына байланысты болады. Құнды қағаздармен жасалатын бастапқы операциялар үшін 1000-2000 АҚШ доллары немесе евро жеткілікті. Бұндай сома өте кішкентай болмауы керек. Өзіңнің жиған-тергендеріңді бірден жұмсап тастауға болмайды.

Қор операцияларын бастайтын ықтимал салымшы үшін екінші шарт – тәуекелге бел буу. Тәуекелге баруға дайын болу салымды жүзеге асыру барысында міндетті түрде болуы тиіс. Міндетті түрде сөзсіз ойнауға бел буған адам өз ақшасын жинақ кассасының шотына салуы керек, онда ол қандай табыс алатынын анық білетін болады. Биржада көркемдік, құмарлық, толқу тудыратын – тәуекел.



Үшінші шарт – уақыт және ең соңғы ақпаратты алып отыру. Экономикалық өмірде не болып жатқандығынан және акциялар курсы қалай өзгеріп жатқандығынан күнделікті хабар алып отыру үшін көбіне 10-20 минут жеткілікті болады. Бұл уақыт ішінде болашақта не істеу керек және сіздің құнды қағаздарыңыздың жайы қалай өзгередіні туралы шешімдер қабылдануы мүмкін.

Күнделікті ақпарат алып отыру – бәрінен бұрын өз құнды қағаздарыңызды тек кірісті сақтап қалу үшін ғана сатқыңыз келгенде емес, акция курсының ауытқуын пайдаланып, кірісті «жырып қалу» үшін немесе акциялар тағы да құлдырамас бұрын өз уақытында «ойыннан шығу» үшін маңызды. Акцияларды сатып алу немесе сатуды жүзеге асырудың дәл мезетін ешкім білмегендіктен, ешкім де алдын ала ештеңе айта алмайды, биржалық ойыншы тек жоғарылау немесе төмендеу мақсатын білдіретін белгілерге ғана сенім арта алады. Сол себепті, ақпарат неғұрлым толық және үздік болса, акцияларды сатып алу немесе түсіру уақытын жіберіп алу қаупі соғұрлым аз болады деген ереже бар.





Акционерлік қоғамдар мен олардың нарыққа шығарған құнды қағаздарының өсуіне қарай оны талдау күннен-күнге күрделеніп бара жатыр. Сол себепті мамандар айналысқа биржалық индекстер сияқты аспапты қолданысқа енгізді. Индекс қатысушыларға нарықта не болып жатқандығын және ол қандай бағытта жылжып бара жатқандығын түсінуге мүмкіндік береді. Бірінші индекс қазіргі заманға қарағанда бұрыннан келе жатқан және ең ірі биржалардың бірі – Нью-Йорк қор биржасында енгізілген болатын, бұл Доу-Джонс индексі еді. Содан бері биржалар қосымша индекстерді шығара бастады, бұлар олардың көзқарасы бойынша нарықтағы жағдайлардың дамуын анағұрлым шынайы көрсетеді.

Dow Jones Averages, Nasdaq, NYSE Index, S&P 500, Wilshire 5000, Nikkei, DAX...

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Егер сіз құнды қағаздар сатып алуға шешім қабылдасаңыз, өз мәмілеңізді тіркеуді ұмытпаңыз. Мәмілеңізді тіркемеген жағдайда сатып алынған құнды қағаздарға меншік құқығын ала алмайсыз.

Құнды қағаздар мәмілесін қалай тіркеу керек?

Егер сіздің брокерлік компанияңыз клиенттер (нақты ұстаушы) шоттарын жүргізу құқығына ие болса және онымен сіз нақты ұстау қызметі келісім-шартын жасасқан болсаңыз, онда бұны брокерлік компанияңыз арқылы жасауға болады. Қалған жағдайларда құнды қағаздар мәмілесі акционерлік қоғамның құнды қағаздарын ұстаушылар тізімін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеу компаниясында тіркелуі мүмкін.



ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ (ҚОР НАРЫҒЫНЫҢ) АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

■ Сенімділік

Қор нарығында жұмыс істеу ұстанымдары қауіптің азаюына негізделген.

Инвесторлар құқығын қорғауды заң қамтамасыз етеді.

Қор нарығы жұмысын мемлекет тарапынан бақылауды ҚҚА (ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі) жүзеге асырады.

Қор нарығы қатысушыларының іс-әрекеттерінің ашықтығы заң талаптарының бірі болып табылады.

■ Кәсіби басқару

Қор нарығында көрсетілетін қызметтерді тек қана іс-әрекеттері лицензияланған кәсіби қатысушылар ғана жүргізе асыра алады.

■ Салықтық жеңілдіктер

Тұтастай құнды қағаздар тобымен жасалған операциялардан алынған кірістер салықтан босатылады.

ИНВЕТОРДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ!

- Ақшаны тек қана жақсы білетін ісіңе сал!
- Ешқашан ақшаны біреудің қысымымен салма!
- Ақшаны пайда әкеле алатын нәрсеге ғана сал!
- Бағалардың төмендеген кезінде сатып ал да, жоғарылаған кезінде сат!
- Ақшаны айналыста ұста!

ИНВЕТОР СӨЗДІГІ

A

Агенттік облигация

Қаржы агенттігі шығаратын облигация.

Акционер (shareholder)

Акционерлік қоғамның акцияларын иеленетін тұлға немесе компания Акционерлік қоғамның басшылығы оның акционерлерінің қолында болады, олар акционерлер жиналыстарында өздерінің дауыс беру құқығын пайдаланып немесе оны сіңіру туралы ұсынысты қабылдау арқылы акционерлік компанияның басшылығын өзгертуге құқығы бар.

Акциялардың атаулы құны

Құрылтайшылар (жеке дара құрылтайшы) төлейтін жарғылық капиталды қалыптастыруға қатысатын акциялардың құнының акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарында айқындалған ақшалай бейнесі.

Акциялардың бағаламасы

Қор биржасында акциялардың нарықтық бағасын белгілеу.

Атаулы иеленуші

Шартқа сәйкес және құнды қағаздардың меншік иесінің мүддесінде өзінің атынан және меншік иесінің есебінен құнды қағаздармен операцияларды жүзеге асыратын кәсіпқой қатысушы.

Ашық үлеспұлдық инвестициялық қор

Үлескерге кем дегенде екі аптада бір рет үлеспұлдарды сатуға мүмкіндік береді. Ашық үлеспұлдық инвестициялық қорлардың

активтері тек қаржы құралдарынан ғана (шетелдіктер кем дегенде BB-) құралады, бірақ бір эмитентке көп дегенде 15% активтер.

Ә

Әртаратандыру

Капиталды құнды қағаздардың әр түріне және түрлі салаларда жұмыс істейтін компанияларға салу.

Б

Бағалама (quote, quotation)

Қолданыстағы заңнамалық нормалар мен қалыптасқан іс-тәжірибеге сәйкес биржаларда шетел валюталарының, құнды қағаздардың немесе тауарлардың бағаларын белгілеу.

Балалар облигациясы

Атаулы құны 1000 АҚШ долларынан төмен тұратын облигация.

Банк-кастодиан

Клиенттердің құнды қағаздарын сақтау, олар бойынша құқықтарын және ақшасын есепке алу қызметін көрсететін банк.

Биржалық бағалама

Құнды қағаздардың (акциялар мен облигациялар) өздігінен қалыптасқан бағамдарын және жекелеген биржалық тауарлардың бағасын, іске асырылған биржалық мәмілелерді есепке ала отырып, биржалық органдармен тіркелуі. Биржалық конъюнктураның көрсеткіштерінің бірі болып табылады және құнды қағаздарға деген сұраныс пен ұсыныстың арақатынасын бейнелейді.

Биржалық бағам

Құнды қағаздың (акциялар мен облигациялар) биржада қалыптасқан сатар бағасы. Биржалық бағам дивиденттің көлеміне тікелей тәуелділікте де, қарыз пайызының нормасына кері тәуелділікте болады. Акцияның атаулы құны биржалық бағаға әсер етпейді, өйткені акцияны шығарған кәсіпорын оны сатып ала алмайды. Акциялардың (жай) биржалық бағамы облигациялар мен артықшылығы бар акциялардың бағамына қарағанда конъюнктуралық тербеліске көп ұшырайды, өйткені олардан келетін кіріс мөлшері алдын ала анықталмаған.

Брокер (broker)

Клиенттің тапсырмасы бойынша сыйақы алып құнды қағаздарды сатып алатын немесе сататын құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы.

В

Валюта нарықтары (currency market)

Шетел валютасы сатылатын және сатып алынатын нарықтар. Бұл нарықтар дереу жеткізілетін «споттық» және валюта алдын ала келісілген баға бойынша болашақтағы белгілі бір уақытта жеткізілетін фьючерстік болып бөлінеді. Валюта нарықтары белгілі бір ғана орында орналаспайды. Сауда-саттық компьютерлердің, телефондардың, электрондық байланыс құралдарының көмегімен жүргізіледі. Әлемдік валюталардың жиынтықты айналымы айрықша үлкен. Ол тауарлар мен қызметтердің әлемдік саудасының жалпы көлемінен бірнеше есе асып түседі.

Венчурлық капитал (venture capital)

Иелері тәуекелдік дәрежесі жоғары: жаңа немесе шағын кәсіпорындарға инвестициялауды көздеген капитал түрі. Венчурлық капитал жеткілікті меншікті капиталы жоқ кәсіпкерлердің жаңа істі бастай алуы үшін қажет.

Д

Дефолт

Эмиссиялық құнды қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау.

Дилер (dealer)

Құнды қағаздармен жасалатын сауда-саттық мәмілелеріндегі, өз атынан және өзінің есебінен құнды қағаздарды сататын/сатып алатын тұлға немесе фирма. Дилердің табысы немесе оның залалдары бір құнды қағаз үшін төленген және алынған бағалар деңгейінің айырмасынан қалыптасады. Бір тұлға немесе фирма түрлі уақытта брокерлер ретінде, сондай-ақ дилерлер ретінде де әрекет ете алады.

Дисконт

- 1) құнды қағаздың қазіргі бағасы мен өтеу сәтіндегі бағасының және атаулы бағасының арасындағы айырма; қаржы құралы өтелетін сәтке дейін оны атаулы құнынан кем бағаға сатып алу;
- 2) валютаның форвардтық бағамы мен кідіріссіз жеткізу кезіндегі бағамының арасындағы айырма;
- 3) жеткізілу мерзімдері әртүрлі бір тауардың бағаларының арасындағы айырма;
- 4) тауардың сапасының келісімшартта ескерілген сапасына сәйкес келмеуінің нәтижесінде оның бағасының төмендеуі;
- 5) валютаның ресми бағамынан азырақ жаққа ауытқуы.

Ж

Жабық үлеспұлдық инвестициялық қор

Үлескерге үлеспұлдарды иеленушілердің жалпы жиналысына қатысуға және дивидендтер алуға мүмкіндік береді. Жабық үлеспұлдық инвестициялық қорлардың активтері қаржылық құралдардан тұрады, олар бір эмитенттің активтерінің және (немесе) басқа мүлкінің 20%-ынан аспайды – АҚ болып табылмайтын заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарындағы үлестер, жер телімдері, ғимараттар, құрылыстар, жылжымайтын мүліктің салынып немесе қалпына келтіріліп жатқан нысандары, жобалау-сметалық құжаттама, жер пайдалану және жер қойнауын пайдалану құқығы, бірақ 30%-дан аспайтын бөлігі ғана басқа мүлікке инвестициялана алады. Жабық үлеспұлдық инвестициялық қордың үлеспұлдарды иеленушілерінің жалпы жиналысы қордың нысанын ашық немесе аралық үлеспұлдық инвестициялық қор етіп өзгерту туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Жеке дара инвестор

Әдетте өзінің меншікті қаражатын инвестициялайтын тұлға және де бұл орайда оның институционалдық инвестор деген мәртебесі жоқ.

Жинақталған пайызы бар облигация

Өскен пайыздардың барлық төленбеген сомаларын қамтитын баға бойынша сатылатын облигация. Пайыздары төленбеген немесе борыштың сомасы өтелмеген облигациялардың саудасы әдетте базалық нарықтық баға бойынша іске асырылады. Барлық басқа облигациялар “пайызбен” бірге сатылады. Бұл сатып алушы сатушыға нарықтық бағамен қоса соңғы төлем күнінен бері жинақталған пайыздарды да төлейді дегенді білдіреді.

И

Инвестициялық қоржын

Мамандандырылған компанияның меншігіндегі немесе басқаруындағы қаржы құралдарының алуан түрлерінің жиынтығы.

